



Мектепалды даярлық «Улыбка» тобының «Қатынас» білім беру саласы бойынша  
Қазақ тілі ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары  
2020-2021оқу жылы

**«Коммуникация» білім беру саласы бойынша мектепалды даярлық орыс тобының қазақ тілі ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективтік жоспары.**

№	Өтпелі тақырып	Апталық тақырыбы	ҰОҚ тақырыптары	Мақсаты	Сағат саны
1	«Балабақша және отбасы»	«Балабақша. Білім күні»	«Менің сүйікті балабақшам!»	Балаларды көпшілік ортаға бейімдеу. Балаларға балабақша туралы түсінік беру. 1 қыркүйек - Білім күні мерекесінің маңызын түсіндіру, сезіндіру. <i>Балабақша, топ, үстел, орындық</i> сөздерін дұрыс айтуға, қойылған сұраққа жауап беруге үйрету. Балабақша қызметкерлеріне сыйластық сезімдерін тәрбиелеу.	1
2			Балабақша мамандары	Бөбекжай-бақшада жұмыс істейтін мамандықтармен таныстыру; сөйлем құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?» «Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру. «Ә», «Ү», «І», «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету.	1
3		«Отбасы және құндылықтары»	«Менің отбасым»	Отбасы туралы түсініктерін кеңейту, қонақжайлыққа үйрету, әдептілік ережелеріне баулу. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Отбасы мүшелеріне мінездеме беруге үйрету. Балаларды отбасы мүшелерін сыйлауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу.	1
4			«Менің қарындасым»	«Отбасы» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; Сөздік қорларын аға, әпке, іні, сіңілі, қарындас, сөздерімен толықтыру. отбасының барлық мүшелеріне деген құрметті тәрбиелеу. Қазақ тіліне тән «Ә», «І», «Қ», «Ғ», «Ң» дыбыстарын дұрыс атау. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету.	1
5		«Мен адаммын»	«Мен және қоршаған орта»	Балаларды жан-жақты даму мақсатында талаптануға, төзімді болуға үйрету. Дарындылыққа еліктеуге, қоғамдық тәртіпті сыйлауға және оған бағынуға үйрету. Сөздік қорларын қазақ	1

				тілінде дұрыс пайдалана білуге баулу. Жіберген кемшіліктерін түсінуге, мен деген көзқарасын тәрбиелей отырып, біз деген көпшілікпен қарым-қатынасын қалыптастыру.	
6			Табиғат	Табиғат туралы түсінік беру. Балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағлұмат беру. Сөздік қорларын арттыру. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Балалардың ойлау қабілетін дамыту.	1
7		«Табиғат бұрышы»	«Табиғат бұрышындағы тіршілік (өсімдіктер)»	Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің келтіретін пайдасы және оларды қорғау жөніндегі білімдерін кеңейту. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің тіршілігі туралы мағлұматтар бере отырып, оларға қамқорлық жасауға баулу. Өз ойларын толық жеткізе білуі, дүние танымын кеңейтіп, табиғатты қорғауға, адамгершілік қасиетке тәрбиелеу.	1
8			«Табиғат бұрышын мекендеушілер»	Жанды табиғат бұрышын мекендеушілермен, оларға күтім жасау жолдарымен таныстыру. Жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Табиғат бұрышын мекендейтін жануарларға деген қамқорлық сезімдерін арттыру.	1
9	«Өсімдіктер әлемі»	«Гүлдер әлемі» (бөлме гүлдері, дала, бақша, дәрілік емдік қасиеттері)	«Гүлдер»	Балаларға гүлдердің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын айтуын, оларды баптап, күту ережелерімен таныстыру. Балалардың көргендерін өз бетінше айтуға үйрету. Түр – түстерін ажыра білуге баулу. Табиғатты қорғауға, адамгершілікке, «Орманда не өседі?» ұқыптылыққа, бастаған ісін аяқтай білуге тәрбиелеу.	1
10			«Менің сүйікті гүлдерім»	Гүл атауларын дұрыс айтып, сөйлем құруға, түстерді ажырата білу үйрету. Гүлдердің атауларын, сырт келбетін жеке бөлшек атауларын айту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	1
11		«Орманда не өседі?»	«Орман өсімдіктері»	Балаларға ормандағы өсімдік түрлерімен таныстыру. Орманның пайдасын баяндау, орман шаруашылығын	1

		(саңырауқұлақтар, жидектер)		түсіндіру. Бау – бақшада өсетін жеміс – жидектерге тоқталу, жылдың қай мезгілінде өсетінін балаларға түсіндіру. Орманды жерлерде тазалық сақтауға, өрттен қорғауға ат салысуға, айналаны қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	
12			«Көкөністер пайдасы»	Көкөністердің атауларын бекіту, «Қайда?», «Не істейді?» сұрақтарына жауап беруді үйрету. «І», «Қ», «Ұ», «Ә» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. Бұрыш – перец Баялды – баклажан Шалқан – репка Қырыққабат – капуста Асқабақ – тыква Сарымсақ-чеснок Бақшада – в огороде Жер-земля Өседі – растет Жинайды – собирают	1
13		Ағаштар мен бұталар. Қызыл кітапқа енген өсімдіктер.	«Ағаштар»	Балаларға ағаштар мен бұталар туралы мағлұмат беру, өсімдіктерге күтім жасауға үйрету. Ағаштардың пайдасы және оны қорғау туралы ұғымдар беру «Қызыл кітаптың» маңызы, адамның тіршілік етіп, өмір сүруге табиғатпен тығыз байланысты екенін түсіндіру. Ағаштарды қорғауға, сүюге, табиғатты аялауға тәрбиелеу	1
14			«Қазақстанда өсетін өсімдіктер»	Өсімдіктердің әр алуан жерде өсетіні туралы түсінік қалыптастыру. Қазақстанда өсетін өсімдіктердің кейбір түрлерімен таныстыру. Өсімдік әлеміне ұқыпты қарауға	1

				тәрбиелеу.Еңбекті бағалап, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.	
15		«Берекелі алтын күз» (Ас атасы - нан)	«Алтын күз»	«Күз» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; мұғалім қойған «Бұл не?», «Жылдың қай мезгілі?» сұрақтарына қазақ тілінде жауап беруге үйрету; Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, шағын сөйлемдер құрастыруға үйрету. Күз айлары – осенние месяц Қыркүйек – сентябрь Қазан – октябрь Қараша - ноябрь Қолшатыр - зонт Күн – день Түн – ночь Адамдар - люди Жаңбырлы-дождливый Бұлтты-пасмурный Ашық-ясный Сарғаяды – желтеют Қысқарады – короче Ұзарады – длиннее	1
16			«Дәруменді жемістер»	«Жемістер» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; «Ә», «Ө», «І», «Ү», «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. Алхоры – слива Шабдалы – персик Апельсин-апельсин Банан-банан Қауын – дыня Қарбыз – арбуз Бақта – в саду Дәруменді – витаминный	1
17	«Табиғат әлемі»	«Құстар біздің досымыз».	«Құстарға қамқорлық»	Балаларға жалпы құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы мағлұмат беру. Адамдар оларға қандай	1

		Қыстайтын, жыл құстары.		қамқорлық жасай алатыны туралы ұғым беру. Негізінен қанатты достарға қамқор болуға, оларды аялап баптауға бейімдеу. Жақсылық жасай білу іскерліктерін ашу, өз ойын еркін жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру. Табиғат – Ананы қорғауға, елін, жерін сүюге, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	
18			«Жыл құстары»	«Жыл құстары» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; тірек сызбасымен жұмыс істей отырып байланысты тілді дамыту; «Ұ», «Қ», «Ғ» дыбыстарының айтылуын үйрету. Жыл құстары-перелетные птицы Аққу – лебедь Қарлығаш – ласточка Ұзақ – грач Тырна-журавль Шағала-чайка ұшып кетті – улетают	
19		«Үй жануарлары». Өсу жолдары, тіршілік мекені, пайдасы мен күтімі.	«Үй жануарлары»	Жануарлардың аттарын көпше түрде айтуға үйрету. <i>Қойлар, түйелер, сиырлар, ешкілер, жылқылар</i> сөздерін үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратып дұрыс айтуға, сұраққа саналы түрде жауап беруге дағдыландыру. Үй жануарларының қандай пайдасы бар екенін немен қоректенетіні туралы түсіндіру. Адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу.	1
20			«Төлдер»	Үй жануарларының төлдерімен таныстыру; сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастыруға үйрету; «Мынау не?» «Неше?» «Қандай?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрету. Төлдер- детеныши	1

				<p>Құлын- жеребенек  Торай- поросенок  Лақ- козленок  Марғау- котенок  Күшік- шенок  Үреді-лает  Мяулайды-мяукает  Секіреді-прыгает</p>	
21		«Жабайы жануарлар әлемі». Жануарлар қысқа қалай дайындалады? Әр түрлі кезеңдегі тіршілік кезеңі.	«Жабайы жануарлар»	<p>Балаларға жабайы аңдар туралы түсінік беру. Ойлау қабілеттерін дамыту. <i>Түлкі, аю, қасқыр, арыстан</i> сөздерін үйрету. Сөздік қорларын молайту. Жұмбақ шешу арқылы ойлау, ертегі айту арқылы қиялдау қабілеттерін арттыру. Адамгершілікке, ұйымшылдыққа және кез – келген тапсырманы жауапкершілікпен атқаруға, көмек бере білуге тәрбиелеу.</p>	1
22			«Ыстық елдің аңдары»	<p>«Ыстық елдердің аңдары» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; «Мынау не?» «Неше?», «Қандай?», «Не істейді?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; жануарларға деген қамқорлықты тәрбиелеу. «Қ», «І», «Ү», «Ы» дыбыстарының айтылуын үйрету.</p> <p>Ыстық елдің аңдар-животные жарких стран  Арыстан-лев  Жолбарыс-тигр  Піл-слон  Керік-жираф  Маймыл-обязана Ашулы–злой  Тамақтанады -кушает</p>	1

23		«Су қойма мекендеушілері»	«Су-тіршілік көзі»	Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру. Судың табиғатта баға жетпес сый екенін айту. Суды үнемдеуге тәрбиелеу.	1
24			«Балықтар»	Балаларды су, өзен, көл тұрғындарымен таныстыру. Су тұрғындарының бір-бірімен байланысы туралы толық мәлімет беру. Балықтардың түрлерін таныстыра отырып, тақырып бойынша білімдерін қалыптастыру. Балықтан жасалатын тағамдарды пайдаланып ғана қоймай, ұқыптылыққа, әдемілікке, тындырымды істеуге тәрбиелеу.	
25	«Менің Қазақстаным»	«Тарихқа саяхат»»	«Менің Отаным - Қазақстан»	Балаларға Қазақстан Республикасы туралы білім беру. Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік қорларын көбейтіп, танымдық қызығушылықтарын арттыру.	1
26			«Қазақстанның байлықтары мен табиғаты»	Өз отанының байлықтары мен табиғатын мақтан тұтып, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Қиын дыбыстарды дұрыс айтуды жалғастыру.	1
27		«Менің туған өлкем»	«Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас»	Балаларды туған өлкесі Қазақстанның табиғатының сұлулығымен таныстыру. Туған жердің көрінісін қағазға түсіре білуге үйрету, өз еліне деген сүйіспеншілік пен патриоттыққа тәрбиелеу. Педагогтың бере білген көңіл - күйді сезіну қабілеттілігін қалыптастыру, табиғаттың әрбір құбылысы өзінше тамаша екендігін сезіну.	
28			«Менің сүйікті қалам».	Зат есімнің жекеше және көпше түрлерін қолдануға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрету. сСздік қорларын кеңейту; Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру Қала (лар) – город	

				<p>Көше(лер) –улица  Бағдаршам(дар) –светофор  Бұрқақ-фонтан  Ескерткіштер-памятники  Гүлзар-газон  Саябақ-парк  Ұнайды –нравится  Тұрамын –живу</p>	
29		«Тәуелсіз Қазақстан»	«Мемлекеттік рәміздер»	<p>Тұңғыш президентіміз жайлы әңгімелеу, Президентіміз жайлы түсінік беру. Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік қорларын көбейтіп, танымдық қызығушылықтарын арттыру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, Ту, Әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Туған өлкеге деген мақтаныш сезімдерін ояту.</p>	1
30			«Рәміздер» (қайталау)	<p>Тақырып бойынша жаңа сөздерді бекіту.. Өз Отанын, қаласын, астананы дұрыс айтуға үйрету. Ойлау, елестету қабілеттерін дамыту, Отанына деген жылы сезімдерін ояту.Рәміздерді жатқа айтуға тәрбиелеу.  Елтаңба –герб  Рәміздер –символика  Мемлекет-государство Егеменді - независимый  Сендердің  Сіздердің – ваше  Олардың – их</p>	1
31		«Нұр-сұлтан – Отанымыздың жүрегі»	«Елордамыз – Нұр-сұлтан»	<p>Балаларға Республикамыздың қалай аталатыны қазіргі орталығы бас қаласы туралы мағлұмат беру. Нұр-сұлтан, Отан туралы өлеңді мәнерлеп айтуға баулу. Нұр-сұлтандағы әсем, көрікті жерлерді көре білуге, әсемдікті сезіне білуге</p>	1

				баулып, мақтаныш сезімдерін ояту. Балаларды ұйымшылдыққа, Отансүйгіштікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	
32			«Нұрсұлтанға саяхат»	Балаларға Нұрсұлтан қаласының әсем ғимараттарымен таныстыру. Елорда туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың сөйлеу дағдыларын арттыру. Өз еліне, өз жеріне деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу. Бір-біріне сыйластық сезімдерін тереңдету. Патриоттық сезімге тәрбиелеу.	1
33	«Дені саудың жаны сау»	«Бәрі мен жайлы»	«Өзім туралы білгім келеді»	Балаларға дене мүшелері және оның қызметі туралы түсінік беріп, дене жаттығуы мен спорттық дене мүшелеріне әсерін түсіндіру. Адам өз денсаулығын сақтау үшін өзін-өзі тану және оны күту керектігі туралы айту. Баланы ұқыптылыққа, сыпайылыққа, зеректікке баулу.	1
34			«Дене мүшелері»	«Дене мүшелері» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; «Мынау не?» деген сұраққа дұрыс жауап беруге үйрету; «Қ», «І», «Ү» дыбыстарының айтылуын үйрету. Дене мүшелері - части тела Дене –тело Саусақтар –пальцы Тізе-колени Табан-стопа Тіс-зубы Тіл-язык Таза-чистый Кір-грязный Жу- мой Сұрт –вытирай	1
35		«Дұрыс тамақтану. Дәрумендер»	«Дұрыс тамақтану және дәрумендер –	Балалардың дұрыс тамақтану туралы білімдерін жүйелеу, кеңейту. Балаларға жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсіндіру. Балалардың сөздік қорын дамыту. Бау – бақшаға саяхатқа шығып, еңбек	1

			денсаулық кепілі»	сүйгіштікке баулу. Балаларды тазалыққа, денсаулықты күтуге, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.	
36			«Ас - адамның арқауы»	«Азық-түлік» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; Тірек сызбасымен жұмыс істей отырып сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастыруға үйрету; «Ү», «І», «Ұ», «Қ», «Ә» дыбыстарының айтылуын үйрету. Қаймақ – сметана Ірімшік – сыр Жұмыртқа – яйцо Күріш – рис Сорпа – бульон Балық-рыба Шұжық-колбаса маған -мне саған-тебе дәмін көр -попробуй	1
37		«Өз өзінді қорғай біл»	« Жүрегімде жақсылық »	Балаларды « қамқорлыққа», «өзіне және өзгеге» деген қамқорлық ұғымдарымен таныстыру, балалардың санасына, өзіне, жақын туыстарына, достарына деген қамқорлық сезімін қалыптастыру және дамыту. Балалардың сөйлеу тілдерін дамыту. Балаларды адамдарға, айналасындағыларға қамқор, кішіпейіл, мейірімді, қайырымды болуға үйрету.	1
38			«Әдептілік-әдемілік»	Балаларды әдептілік ережелерімен таныстыру. Отбасында, тұрмыс-тіршілікте әділет пен адамдыққа, инабат пен ізгілікк, еңбек пен өнерге, мейірімділік пен қонақжайлыққа, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Достыққа, сыпайылыққа баулу. Тақырып бойынша мақал айтып үйрету.	1
39		«Спорт - денсаулық кепілі»	«Спорт»	Балаларды адамның ең маңызды негізгі мүшесі – жүрекпен таныстыру. Жүректің жұмысы және оның қызметі туралы мәлімет беру. Спорт, дене шынықтырудың маңызы туралы	1

				түсінік бере отырып, сабақ барысына қимыл қозғалысты енгізу.	
40			«Сандар әлемі»	1 ден 10 ға дейін тура және кері санауға үйрету; «I», «Ө», «F» дыбыстарының айтылуын үйрету. «Не істейді?» «Неше?» деген сұрақтарға жауап беруді үйрету Алты- шесть Жеті- семь Сегіз- восемь Тоғыз- девять Он –десять Кері сана - считай обратно. Санап шық - посчитай	1
41	«Бізді қоршаған әлем»	«Ғажайыптар әлемі» (өлі табиғат құбылыстары).	«Тірі және өлі табиғат»	Балаларға қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат туралы түсінік беру. Олардың бір – бірімен байланысы жайлы мағлұмат беру, танымдық әрекетін шыңдау. Сөздік логикалық қабілеттерін, ой – қиялдарын, қызығушылық сезімін дамыту. Өз ойларын толық жеткізе білуі, дүние танымын кеңейтіп, табиғатты қорғауға, адамгершілік қасиетке тәрбиелеу.	1
42			«Табиғат құбылыстары»	Балаларға табиғат құбылыстары туралы түсіндіру, жұмбақтар шешу арқылы ой-өрістерін дамыту. Табиғатты қорғап, аялай білуге тәрбиелеу.	1
43		«Көліктер.ЖЖЕ-сақта!»	«Көлік түрлері»	Балаларға көліктер туралы түсінік беру.Олардың түрлерін танып атауға үйрету. Көліктердің нақтылы атқаратын қызметі жайлы балалардың білімдерін кеңейту. Дыбыстарын сала білуге дағдыландыру. Жолда жүру ережесі туралы білімдерін толықтыру. Жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу.	1
44			«Көліктің қажеттілігі»	«Көлік» тақырыбы бойынша көліктер атауларын бекіту.; сөйлемдерді және сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. «Қандай?», «Не істейді?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беру	1

				<p>мүмкіндіктерін бекіту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрету.</p> <p>Көлік –транспорт</p> <p>Ауа көліктері- воздушный транспорт</p> <p>Су көліктері-водный</p> <p>Жер көліктері-наземный</p> <p>Жеңіл машина –автомобиль</p> <p>Қайық –лодка</p> <p>Қолайлы –удобный</p> <p>Жүреді-едит</p> <p>Жатады-относится</p>	
45		«Электроника әлемі. Байланыс құралдары»	Байланыс түрлері	<p>Байланыс қызметі түрлерімен таныстырып олардың атауларын меңгерту. <i>Байланысшы, хат тасушы, телеграмма қабылдаушы, компьютер</i> сөздерімен таныстыру. Балалардың жас шамасына қарай компьютер туралы қарапайым түсінік беру, оны пайдалану ережелерімен таныстыру, бастаған ісін аяғына дейін тыңғылықты аяқтауға, зейінді, шыдамды болуға тәрбиелеу. Адамдардың пайдалы іс-әрекеттерін бағалап, оған құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p>	1
46			«Телефон»	<p>Кейіпкер бейнесін сомдауда, түсінікті сөйлеуде, мәнерлі даыс ырғағы арқылы байланыстыра сөйлеуін дамыту. Тілдік сөздік қорын байыту.</p>	1
47		«Пайдалы қазбалар»	«Пайдалы қазбалардың түрлері»	<p>Пайдалы қазбалардың түрлерімен таныстыру, олардың адамға тигізетін пайдасы мен зиянын түсіндіру. Пайдалы қазбалардың кен орындары, шартты белгілері, өндіру әдісі жайлы түсінік беру. Балаларды пайдалы қазбалар түрлерін ажырата білуге баулу, логикалық ой - өрісін дамыту, ізденушілік қабілеттерін арттыру. Еліміздің қазба байлықтарын мақтан ете отырып, оны үнемдеп жұмсауға,</p>	1

				қорғап, сақтай білуге баулу, өз еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.	
48			«Қандай?»	Балаларды елімізде өндірілетін пайдалы қазбалар түрімен таныстыру. Сөйлемдерді және сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. «Қандай?», Қайда?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беру мүмкіндіктерін бекіту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрету.	1
49	<b>«Салттар мен фольклор»</b>	«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»	«Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері»	Балаларға халқымыздың игі дәстүрлерін, ізгі - қасиеттерін, инабаттылық, іскерлік дағдыларын, салт - дәстүрлерді бойларына сіңіру, рухани - адамгершілік қағидаларды ұстануға үйрету арқылы дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу. Қазақ халқының әдет - ғұрпы мен салт - дәстүрлері туралы кең көлемді мағлұмат беру. Балалардың білім, білік, дағдыларын дамыту, рухани кемелденуге үйрету. Өз мамандықтарын сүйе білуге, сүйіспеншілікпен және шынайылықпен жұмыс істеуге, жауапкершілікке, ізгілікке тәрбиелеу.	1
50			«Ұлыстың ұлы күні»	Қазақтың ұлттық мерекесіне байланысты сөздермен таныстыру, Наурыз мерекесіне қатысты өлең, тақпақ үйрету. Балалардың Отан сүйгіштік сезімдерін ояту. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. Наурыз мейрамы – празник Наурыз Ұлттық тағамдар –национальные блюда Шашу –шашу Бата – благословение Көже-национальное блюдо Ойын-игры Қызықты-веселый Тұсау кесу – обрезание пут Бесікке салу – укладывание в колыбель	

51		«Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта»	«Ертегілер бізде қонақта»	Ертегінің желісін түсіндіріп, сөздік қорларын, ой - санасын және көз алдарына елестету қабілеттерін дамыту, ертегіні рөлге бөліп орындауға, сурет салу дағдысын дамыту, балаларды қайырымды, көпшіл болуға тәрбиелеу. Кейіпкерлерге енгізе отырып, ауыз әдебиетіне деген деген қызығушылықтарын нығайту.	1
52			«Ертегіде қонақта»	Балаларды сурет бойынша өздеріне таныс ертегілердің мазмұнын қысқаша баяндай білуге үйретуді жалғастыру. Сөздік қорларын, сөйлеу барысында қолдана білулерін белсендіру. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және сұраққа жауап беру бірлігін дамытуды жалғастыру.	1
53		«Өнер көзі халықта» (қолданбалы өнер, ұлттық киімдер, ұлттық бұйымдары, т.б.!	«Ұлттық қолданбалы өнер»	Балаларға халқымыздың қайнар көзі – қазақтың ұлттық бұйымдары мен киімдері туралы ұғымды бала жадына кең, бай, мағыналы көлемде түсінік бере отырып, олардың шығу, жасалу, қолданылу тарихы туралы сыр шерту. Балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын, сана - сезімін, ынта - жігерін арттыру. Балаларға саналы сұлулық бейнесінде көркем дүниені меңгерте отырып, дәстүрлі шеберлік өнерді қадірлеп, қастерлей білуге баулу. Балалардың сөздік қорын молайту, ұлттық сана-сезімін ояту, ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу.	1
54			«Сәнді ұлттық киімдер»	«Киім» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; «Мынау не?», «Қандай?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету; Ұлттық киімдер туралы білімдерін кеңейту. Ұлттық киімдер – национальные одежда Сәукеле-женский головной убор Тақия-тюбетейка Шапан-чапан Қамзол-камзол Мәсі-ичиги	

				Бөрік-шапка Сәнді-модный Ұлттық-национальный.	
55		«Наурыз келді, табиғат оянды»	«Наурыз – жыл басы»	Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Мерекелік тілектер, дәстүрлер туралы түсініктерін кеңейту. Сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Жүйелі, орынды сөйлеуге үйрету. Балалардың ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Балаларды халқымыздың салт – дәстүрлерін қадірлей білуге тәрбиелеу. Сұрақ - жауап, жұмбақ шешу, өлеңдер оқу, көрініс қою барысында балалардың ой - өрісін дамыту. Балаларды қазақ тілін құрметтеуге, ұлттық киімдерді, мерекелерді қадірлеуге тәрбиелеу.	1
56			«Қазақтың ұлттық ойындары»	Балаларды қазақтың ұлттық ойындарымен таныстыру. Достыққа, ауызбіршілікке баулу. Денені шынықтырып, ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	1
57	«Біз еңбекқор баламыз»	«Мамандықтың бәрі жақсы»	«Мамандық иелері»	Мамандық түрлерімен таныстыру. Шаштараз, аспаз, дәрігер, тігінші мамандарына керек заттарды ажырата білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымын тереңдету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, жұмбақ шешуге, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың қызығушылықтарын арттыру, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.	1
58			«Жиһаз дүкенінде»	Дүкенші мамандығы туралы түсініктерін дамыту. Балаларға өз бөлмелеріне дүкеннен жиһаз таңдап алуға үйрету. Сабаққа деген ынтасын арттыру. Дүкеншімен сөйлесу арқылы, сөздік қорларын молайту.	1
59		«Адам және ғарыш»	«Ғарыш әлеміне саяхат»	Балалардың ғарыш туралы түсініктерін кеңейту. Байқоңыр, зымыран, ғарыш айлағы туралы мәлімет беру. Ғарышкерлермен таныстыру.	1

				Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін жетілдіру, ғарыш әлемі және құпия сырларына деген қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорларын молайту, еске сақтау, ой-өрістерін, зейіндерін дамыту. Балаларды батылдыққа, адамгершілікке, ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу.	
60			«Түстер әлемі»	Түстердің атауларымен сөздік қорларын молайту; «Қ», «Ө», «Ң» дыбыстарының айтылуын үйрету. «Қандай?», «Неше?» деген сұрақтарға жауап беруді үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. Көгілдір- голубой Қызғылт-розовый Күлгін-сиреневый (фиолетовый)	
61	«Табиғатты аялайық»	«Табиғат әлеміне саяхат»		Балаларға табиғат туралы түсінік бере отыра, оларды табиғатты аялауға, қамқорлық жасауға шақыру. Табиғаттың адам өмірі үшін пайдасын түсіндіру. Балаларға табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағлұмат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейтіп, табиғатты сүйуге, табиғат байлығын, сұлулығын сезіне білуге сурет көрінісін әңгімелеуге тәрбиелеу.	1
62			«Көктем келді жарқырап!»	«Көктем» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; тірек сызбасымен жұмыс істей отырып байланысты тілді дамыту. Мұғалім талаптарын нақты орындауларын бақылау, ерекше дыбыстардың дұрыс айтылуын қадағалау, жекеше және көпше түрлерін қолдану Көктем айлары-весенние месяцы Наурыз –март	

				<p>Сәуір –апрель  Мамыр –май  Гүлдер– цветы  Шөп шығады –трава растет  Жылынады-теплеет</p>	
63		«Қызықты тәжірибелер»	«Су – өмірдің мәні»	<p>Балаларға су және оның табиғатта болатын орындары туралы түсінік беру. «Су –тіршілік көзі» екенін, оның пайдасы, қасиеттері, маңызы туралы білімдерін кеңейту. Суды ластамауға оған қамқорлық көзқарасқа тәрбиелеу. Тәжірибе жасау барысында бақылағыштық дағдыларын жетілдіру. Өз бетінше, өз ойын жеткізуге, қортынды шығаруға дағдыландыру. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін, қызығушылықтарын арттыра отырып, табиғаттың әдемі сұлулығын көре білуге және оған қамқор болуға тәрбиелеу.</p>	1
64			«Жарқырып жаз келді!»	<p>«Жыл мезгілдері» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; тірек сызбасымен жұмыс істей отырып байланысты тілді дамыту. Мұғалім талаптарын нақты орындауларын бақылау.  Жаз айлары-летние месяцы  Маусым-июнь  Шілде-июль  Тамыз-август  Кемпірқосақ – радуга  Өзен-река  Демалу-отдыхать</p>	1
65	«Әрқашан күн сөнбесін»	«Достық –біздің тірегіміз (халықтар достығы)	«Ақпыз, қара, сарымыз»	<p>Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күн мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.  Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін</p>	1

				кеңейту. Көңіл – күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суретін салдыру.	
66			«Мен және менің достарым»	«Сенің досың кім?» (Менің досым....) сұрақтарына өз атынан жауап беру дағдыларын бекіту. Достық қатынасты құрметтеп қадірлеуге тәрбиелеу. Достық, біз доспыз, сенімді, адал сөздерін енгізу.	
67		«Отан қорғаушылар» (ҚР әскері)	«Біз - Отанның сарбазы»	Балаларға 7 –мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру. Ұлы Отан соғысының мазмұнын әңгімелеп осы соғыста ерлік көрсеткен батырлардың ерліктерін, жыл сайын Жеңіс күнінің мерейлі мерекесін бүкіл халық тойлап отыратынын айтып, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың, бүгінде саны азайып қалған майдангерлердің рухына бас ие отырып, балаларды Отан қорғауға, Ұлы отан соғысының батырларының ерлік істеріне тағзым етуге батыл да ержүрек болуға үйрету.	2
68			Өзі туралы әңгіме.	Балаларды өзі туралы әңгіме айтуға алуға үйрету. Өтілген сабақтардағы сұрақтарды қойып, жауап беру. Қиын дыбыстарды катесіз айтып, баланың тілге деген қызығушылығын арттыру.	
69		«Шөпте не жорғалайды?» (жәндіктер, бауырымен жорғалаушылар)	«Жәндіктер әлемі»	Балалардың табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттыру, жәндіктерді қорғап, оларға қамқор болуға баулу. Жәндіктер түрлерімен таныстыру, олардың пайдасы туралы мәлімет беру. Балалардың денсаулыққа пайдасы туралы, құмырсқаның еңбекқорлық қасиетін түсіндіру. Жәндіктердің тіршілігі, оларды сипаттай білуге үйрету, олар туралы тақпақтар шешуге деген қызығушылықтарын арттыру.	1
70			Көбелек пен қоңыз.	Көбелек пен қоңыздың қалай пайда болатындығын түсіндіру. Олардың бір-бірінен айырмашылығын салыстыру. Балаларды жәндіктерге қамқорлықпен қарап, қорғауға тәрбиелеу.	

71		«Көңілді жаз»	«Жайдарлы жаз»	Жаз мезгілі, жазғы ойындар, жазғы табиғат, жазғы еңбек жайлы түсінік беру. Танымдық, шығармашылық қасиеттерін, тілін, сөздік қорын дамыту. Сабаққа қызығушылықтарын арттыру. Балаларды табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Сұрақтарға жауап беріп, сұрақ қоюға үйрету. Қиын дыбыстарды қатесіз айтуға жаттықтыруды жалғастыру. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1
72			«Біз мектепке барамыз»	<p>Жалпы мектеп туралы ұғым беру. Баланың ой – өрісін, тілін дамытып, білімге қызығушыларын арттыру. Зат есімнің жекеше және көпше түрлерін қолдануға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды үйрету. Шағын сөйлемдер құрастыруға машықтыру.</p> <p>Мектеп –школа  Сынып- класс  Оқушы (лар) – ученик(и)-  Тақта –доска  Бор- мел  Сөмке - сумка  Дәптер-тетрадь  Кітап-книга  Қалам-рука  Қылқалам-кисточка  Өшіргіш-ластик  Сызғыш-линейка Жаман-плохо Оқы -читай  Жаз–пиши</p>	1
<b>Барлық сағат саны</b>					<b>72</b>